

Дәріс №4.

Жоспар:

1. **Қазақ тілін оқыту құралдарының үш компонентіне сипаттама беру**
2. **Оқулық және оқу құралдары, көрнекіліктер**
3. **Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістері**

Тірек сөздер: дидактикалық материалдар, оқыту әдістері мен тәсілдері, көрнекілік құралдары, инновациялық әдіс, педагогикалық технология

1. Қазақ тілін оқытудың құралдары.
2. Қазақ тілін оқытудың инновациялық құралдары мен әдістері.

Қазақ тілін оқыту құралдары үш компоненттен тұрады: а) оқу, дидактикалық материалдар, бұлар оқытудың мазмұнын құрайды: мектеп бағдарламасына кіретін тілдік ұғымдар мен терминдер, олардың анықтамалары, ережелері, тілдік бірліктердің мысалдары, мәтіндер, жаттығулар; ә) оқыту әдістері мен тәсілдері – олар тілдің теориясын меңгеруде қолданылады. Сөйлеу, оқу, жазу, тыңдауда тілдік іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруда қолданылады; б) қазақ тілі бойынша оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қолданылатын формалар (сабақ және сабақтар жүйесі, жаттығу, үйрену сабақтары, экскурсиялар, мектептен тыс және сыныптан тыс сабақтар, өз бетінше орындалатын үй тапсырмалары немесе ұзартылған топтар және т.б. Қазақ тілін оқытудың құралдарының ішінде жетекші құралы – оқулық. Оқулықтың негізгі қызметі: ақпараттық, трансформациялық, жүйелеушілік, тәрбиелеушілік. Оқулықтың құрылымдық сыңарлары: теориялық мәліметтер, иллюстративтік материал, жұмысты ұйымдастыру аппараты, бағдар беру аппараты.

Оқулықты толықтырушы оқу құралдары: қазақ тілі бойынша оқу кешені, оның негізгі компоненттері қазақ тілін оқытуда компьютерлік қамтамасыз ету құралдары.

Қазақ тілін оқытудың көрнекілік құралдары: көру көрнекіліктері, есту көрнекіліктері, көру-есту көрнекілігі.

Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістері. Оқыту әдістері – педагогикалық әрі әдістемелік категория. Инновация ұғымын жаңалық деп түсінеміз. (Тапсырма түсіндірме сөздіктен анықтамасын жазу). Әдіс пен педагогикалық технология ұғымдары бір емес, әдіс педагогикалық технологияның ішіне кіреді.

Сұрақтар:

1. Дидактикалық материалдардың қызметін қалай бағалайсыз?
2. Оқулық қызметінің түрлерін түсіндіріңіз.
3. Көрнекілік түрлерінің қызметін атаңыз.

Әдебиеттер:

1. Рахметова С., Оразбаева Ф. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы, 2007, 326б.
2. Құрман Н. Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері.-Астана, 2008, 131-174б.
3. Жанпейсова М. Модульдік оқыту технологиясы. Оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы; Мектеп, 2005.-160б.